

#### №4 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының логопед маманының 2021-2022 оқу жылында атқарылған жұмыстарының есебі

Логопедиялық жұмыстың негізгі мақсаты балалардағы тілдік бұзылыстарды дер кезінде анықтау негізгі қасиеттерді қалыптастыру арқылы барлық сфераларды қозғалыс, дем алу, сенсорлық және т.б дамыту тәрбиелеу және түзету, жеке дара ыңғай жасау арқылы сөйлеу тіліндегі бұзылыстарды түбегейлі жою болып табылады.

Аталмыш мақсатқа жету жолында, логопед ретінде, төмендегі міндеттерді алға қоямын:

- Ауызша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзету. Тілдік моториканы қалыптастыру және дамыту; дыбыстау бұзылыстарын түзету; фонематикалық қабылдауды қалыптастыру және дамыту; сөйлеу тілінің бұзылыстарын жою және лексико-грамматикалық жағын жетілдіру.

2021-2022 оқу жылының басында жылдық жоспар құрылып, жоспарға сәйкес топтарды аралап, сөйлеу тілінде бұзылысы бар балалар анықталып, ПМПК мамандарының тексеруінен өткізілді. ПМПК қорытындысы нәтижесінде балабақшамыздың 16 бүлдіршініне сөйлеу тілінің жалпы дамымауы I, II, III деңгейі диагноздары қойылды. Перспективті жоспар құрылды. Ата-аналар өтініші мен келісімі негізінде 18 баламен сабақ кестеге сәйкес жеке және шағын топтарға түзете-дамыту жұмыстары жүргізілді. Қорытындымен жалпы сөйлеу тілінің дамымауы 16 бала, ата-ана өтінішімен 2-бала. Қыркүйек айында 16 бала қорытындымен анықталса жыл соңында 18 баламен толықты.

Логопед жұмыстарында сөйлеу тілі бұзылысын, ұсақ-қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін, сөздік қорын, байланыстырып сөйлеуін, тексеруге арналған құрал-жабдықтар: айналар, тақта, құрал-жабдықтар, көрнекіліктер пайдаланылады және оларды тілге жасалатын артикуляциялық жаттығулармен таныстырып, жасалу жолдары айтылды. Сонымен қатар қолдың ұсақ моторикасына жаттығулар; мозайкамен жұмыстар, суреттер бояу, бау өткізу, және күнделікті тыныс алу жаттығулары жасалынады. Жоғарыда айтылып кеткен жаттығулардың барлығы да күнделікті ұйымдастырылған іс әрекет барысында жасалып отырылады.

2022 жылы «Мамандықтар» және «Ғажайып гүл» (құм терапиясы) тақырыбында ашық оқу қызметін өткіздім.

2021 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының 30 жылдығы қарсаңында «ТӘУЕЛСІЗДІК – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ» атты республикалық өнер және шығармашылық байқауына қашықтықтан қатысып Сағадин Раяна I дәрежелі дипломмен марапатталды.

2021 жылы Өрлеу Республикалық оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастыруымен «Логопедия» бойынша бүлдіршіндер арасында өткен сайыста Қани Жан I дәрежелі дипломмен, Нұрлан Айсезім II дәрежелі дипломмен марапатталды.

2022 жылы 1- науырзда аудандық «ҮЗДІК ЛОГОПЕД КАБИНЕТІ - 2022» байқауында III орынмен марапатталдым

2022 жылы ақпан айының 14 мен 19 аралығында « Инклюзивті білім-келешек кепілі» атты 5 күнге жоспарланған апталық болып өтті. Апталықта балалармен коррекциялық жұмыс бағыты, ата-анамен жұмыс бағыты, тәрбиешілермен жұмыс бағыты жүргізілді. Оқу жылының басында қорытындымен 16 бала, ата-ана өтінішімен 2 бала, жалпы 18 бала. Нәтижесінде 11 бала жақсы деңгейге жетіп, логопед тізімінен шығарылды. Қалған 7 бала келесі оқу жылға логопедиялық жұмысты жалғастырады.